e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 07.04.2020
Сақтау күні 30.04.2020
Дата редакции 07.04.2020
Дата скачивания 30.04.2020

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ-31/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 8 сәуірде № 20343 болып тіркелді

Министерство здравоохранения Республики Казахстан

«Стационарлық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы»

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 94) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

«Стационарлық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бұйрығына (2015 жылғы 6 қарашада «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 12204 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Стационарлық көмек көрсету қағидалары осы бұйрыққа:

мынадай мазмұндағы 3-тараумен толықтырылсын:

«3-тарау. «Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерге стационарға емделуге жатқызуға жолдама беру», «Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру», «Санаторий-курорттық емделуге қажеттілігі туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі

«РҚАО» РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

58. «Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерге стационарға емдеуге жатқызуға жолдама беру» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оған қызмет көрсету процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны мен нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Мемлекеттік қызмет көрсету - өтініштерді қабылдау және нәтижесін беру арқылы жүзеге асырылады:

1) денсаулық сақтау субъектісі (бұдан әрі – көрсетілетінқызметті көрсетілетін қызметті беруші);

2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал).

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілетін емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациентті стационарға емдеуге жатқызуға жолдаманы алу үшін өтінімді «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Мемлекеттік қызмет көрсету – өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету 1 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Емдеуге жатқызуға жолдама көрсетілетін қызметті беруші арқылы өтініш берген кезде беріледі.

Емдеуге жатқызуға жолдама алған немесе ауруханаға жатудан бас тартылғанпациент вебөпортал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне немесе көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

59. Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын «стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет стандартында келтірілген.

Мемлекеттік қызмет көрсету өтініштерді қабылдау және нәтижесін беру арқылы жүзеге асырылады:

1) денсаулық сақтау субъектісі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті көрсетілетін қызметті беруші);

2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал).

Көрсетілетін қызметті алушы стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмесін алу үшін өтінімді «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету 1 жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Өтініш беруші құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда медициналық ұйымның қызметкері көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмесін беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға:

қызмет беруші арқылы өтінімді берген кезде;

көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинеті» веб-порталы арқылы өтінімді берген кезде ұсынылады.

60. Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын «санаторий-курорттық емделуге қажеттілігі туралы қорытынды беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 16- қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет стандартында келтірілген.

Санаторийлік-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру мемлекеттік қызмет болып табылады және осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес облыстардың, Нұр - Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқару органдары көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс- қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

терапевт-дәрігер, жалпы практика дәрігері, педиатр-дәрігер (бұдан әрі - дәрігер) ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді:

құжаттардың толық топтамасы ұсынылған жағдайда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 98 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10678 болып тіркелген) қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту, оның ішінде балаларды медициналық оңалту қағидаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін көрсете отырып және жалпы қарсы айғақтарды ескере отырып, санаторий-курорттық картаны ресімдейді (бұдан әрі – санаторий-курорттық карта). – Және көрсетілетін қызметті алушыға береді, 40 (қырық) минут ішінде және көрсетілетін қызметті алушыны бөлімше меңгерушісіне жолдайды;

бөлімше меңгерушісі санаторий-курорттық картаға қол қояды және көрсетілетін қызметті алушыны медициналық тіркеушіге (бұдан әрі – Тіркеуші) 5 (бес) минут ішінде жолдайды.

Тіркеуші тіркейді, көрсетілетін қызметті берушінің мөрін қояды және көрсетілетін қызметті алушыға санаторий-курорттық картаны береді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) 072/ е нысаны бойынша берілген санаторий – курорттық карта.

61. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

62. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсететін мекенжайға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.».

осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 14, 15 және 16-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л.М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы **Е. Биртанов**
Денсаулық сақтау министрі
«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 07.04.2020
Сақтау күні 30.04.2020
Дата редакции 07.04.2020
Дата скачивания 30.04.2020

Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

1-қосымша

Қазақстан Республикасында
стационарлық көмек
көрсету қағидаларына
14-қосымша

«Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы пациенттерге стационарға емделуге жатқызуға жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Қызмет берушінің атауы	Денсаулық сақтау субъекті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) қызмет беруші; 2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1 жұмыс күні ішінде; Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 1 күн ішінде, тапсыру уақыты – 30 минут.
4	мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық және қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	1) 001-3 / е нысаны бойынша берілген стационарға емдеуге жатқызуға жолдама;
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - дүйсенбіден сенбіге дейін (дүйсенбі – жұма сағат 8.00- ден 20.00- ге дейін үзіліссіз, сенбі сағат 9.00- ден 14.00- ге дейін. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде).
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	көрсетілетін қызметті берушіге: 1) тікелей жүгінген кезде сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат; 2) медициналық-санитариялық алғашқы көмек немесе медициналық ұйым мамандарының жолдамасы; 3) бағытталған диагноз бойынша клиникалық-диагностикалық зерттеулердің нәтижелері (диагноз қою және емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес)
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтауы 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер бойынша бірыңғай байланыс-орталығының 8-800-080-7777, 1414 телефоны бойынша ақпарат алу мүмкіндігі бар.